

Сабақтың тақырыбы:  
Орталық Қазақстан – кенді  
аймақ

## Жаңа сөздер:

- Өнеркәсіп – Промышленность
- Халықшаруашылығы – народное хозяйство
- Жетекші – ведущий
- Ұзақ уақыт бойы – долгое время
- Қуаттылығы - мощность
- Кәсіпорын – предприятие
- Құрылысы – строительство
- Аяқталды - завершился
- Отын – топливо
- Тұтынатын – Потребляемая
- Мұнай – нефть
- Жанданды – возобновился
- Құрамдас бөлшек - Составная часть



### 3-4-сабақ

## Еліміздегі өнеркәсіптің дамуы



**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Ел тарихында маңызды орын алған өнеркәсіп орындарымен таныс болыңыздар.

Өнеркәсіп – Қазақстанның халықшаруашылығының жетекші саласы. Ұзақ уақыт бойы майдан қажеттіліктерін өтеген өнеркәсіп кәсіпорындары енді бейбіт өнімді шығара бастады. Ауыр индустрия кәсіпорындары салынды. Қазақ металлургия зауытының құрылысы аяқталды. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының қуаттылығы күшейді, «Қаратау» кен-химия комбинаты өз жұмысын бастады. Жергілікті отынға негізделген энергетика дамыды. Жеңіл өнеркәсіп және азық-түлік өнеркәсібі әрі қарай дамып, әртараптандырылды. Халық тұтынатын тауарлар түрі көбейіп, тауарлардың сапасы артты. Республикада қара, түсті металлургия, мұнай-газ өнеркәсібі, өнеркәсіптің химия және мұнай-химия салалары ілгері дамыды.

Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Павлодар алюминий зауыты, Өскемен титан-магний комбинаты, Балқаш тау-кен металлургия комбинаты өз жұмысын жандандырды. Мұнай өндіретін өнеркәсіп жылдам дамыды. Қазақстанның мәшине жасау саласы ауылшаруашылығына қызмет көрсетуге бағытталды. «Қазақсельмаш» зауытында жаңа қуаттылықтар іске қосылды, олар ауылшаруашылық машинелердің құрамдас бөлшектерін, жаңа машинелер мен жабдықтарды шығаруда. Соның арқасында егіншілік пен шаруашылық салаларында

### Тірек сөздер

- кәсіпорын
- азық-түлік өнеркәсібі
- кен байыту комбинаты
- әртараптандыру
- өндірісті кеңейту
- өндіру
- жабдықталу

# Үйге тапсырма



**7-тапсырма.** Өздеріңіз тұратын аймақта қандай өнеркәсіп орындары бар? Олар қандай өнім шығарады? Ой бөлісіңіздер.



**8-тапсырма.** Берілген сөздерді тірек етіп, суретте көрсетілген «Азия АВТО» зауыты туралы шағын мақала жазыңыздар.



*Қажетті сөздер:* отандық, қосалқы, бөлшек, құрастыру, бәсеке-лестік, серпін.

1-тапсырма. Мәтіннен зат есімдерді теріп жазыңыз.

Дара	Күрделі	Негізгі	Туынды	Жалқы	Жалпы